



ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ



МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕР – ӨТКЕННІҢ ҮНСІЗ КУӘГЕРІ



ТӨРТ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

→ 2

РЕФЕРЕНДУМ

РЕФЕРЕНДУМ – ЕЛІМІЗ ҮШІН ТАРИХИ КҮН

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Аса ауылындағы аудандық «Жастар ресурстық орталығы» ғимаратында орналасқан №166 референдум учаскесіне келіп, жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумда дауыс берді. Өңір басшысы өз таңдауын жасағаннан кейін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне референдум туралы пікір білдірді.

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУҒА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНҒА ҚАТЫСТЫ



Ақордада өткен іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай,

Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері, облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Конституциялық комиссия мен Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатысты.

Құрмет карауылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң еліміздің Әнұраны орындалды. Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жаңа Конституция

жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялады. Содан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15

наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Akorda



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

– Бүгінгі референдум – еліміз үшін тарихи күн. Халқымыз жалпыұлттық референдум арқылы ел тағдырына әсер ететін маңызды әрі бетбұрысты шешім қабылдамақ. Азаматтарымыз өз таңдауын жасап жатыр. Шын мәнінде, бұл – тағдыршепті оқиға. Сондықтан мен референдумды қолдаймын, – деді аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы. Айта кетейік, аудан бойынша жалпы саны 24 референдум учаскесі және 160 комиссия мүшесі таңғы 7.00-ден кешкі 20.00-ге дейін қалыпты режимде жұмыс істеді. 14 референдум учаскесі сервистік орталықпен қамтылды. Саяси науқан заңнамалық талаптарға сай өтті. Заңсыз әрекеттер тіркелмеді.



Халқымыздың бағзыдан бүгінге жеткен айрықша мейрамының бірі – Аман мерекесі. Көктемнің сәуір аяғына шоғылып, жұртшылықтың ақжарқын көңілімен көмкерілетін Аман күні – ұлыс мейрамының бастауы. Бірлік пен мейрімнің, табиғат пен тарихтың өміршең мерекесі. Ұлттық дәстүріміздің маңызды көрінісі. Бұл мерекеде халық бір-біріне ізгі тілек айтып, жақсылық тілеп, бірлікті нығайтады.

Ұлыс мейрамының бастауы



Көрісу күні деп атап кеткен мереке бүгінде тұтас ел аумағында тойланып жүр. Қыстың құрсауынан құтылып, жылға аман жеткен ағайын жадырай көрісетін 14 наурыз – киіз үйлер тігіліп, алтыбақан құрылып, ұлттық

дәстүр мен өнердің салтанат құратын күні. Жамбыл өңірінде Аман мерекесі кейінгі жылдары тұрақты түрде тойланып келеді. Айтулы мейрам биыл да айрықша аталып өтті.

→ 3

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Сегізінші шақырылған Жамбыл аудандық мәслихатының кезектен тыс елу бесінші сессиясы 2026 жылдың 20 наурызы аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында сағат 11.00-де төмендегідей күн тәртібімен өтеді.

1. «Жамбыл ауданының 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспары» шешім жобасы туралы.
2. Өргүрлі мәселелер.

Аудандық мәслихаттың «Аумақтық әлеуметтік-экономикалық дамуы, бюджет және жергілікті салықтар мәселелері» жөніндегі біріккен тұрақты комиссиясының отырысы 2026 жылдың 20 наурызында сағат 10.00-де өтеді.

Аудандық мәслихат аппараты.



Биыл Жамбыл ауданының айнасы «Шұғыла-Радуга» газетінің жарыққа шыққанына 60 жыл. Осы уақыт аралығында киелі өңірдің жаңалық жаршысы болған басылым бүгінде жаңару жолында. Бұлай дейтініміз, газет құрылтайшысы Дәулет Төленті мерейтойға дайындықты сонау 1976 жылы пайдалануға берілген редакция ғимаратын жөндеуден бастады. Көздеген мақсаты – мекеме қызметкерлерінің заман талабына сай жұмыс істеуіне жағдай жасау.

60 жылдан кейін ажары ашылған редакция

Аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің ғимараты күрделі жөндеуден өтті



Алдымен редакцияның аумағы қоршалып, кіреберісіне қақпа қойылды. Ғимараттың дәлізі, ішкі бөлмелері жөнделді. Ескірген ағаш терезелер алынып, пластик терезелер

орнатылды. Сыртқы, ішкі ескі есіктер ауыстырылды. Ғимараттың ішкі қасбеті мен қабырғалары қапталып, әрленді. Еден толығымен жаңартылды. Керме төбелер

тартылып, заманауи жарықшамдар қойылды. Ішке әжетхана, жуынуға арналған шұңғылша, сыртқа әжетқұдық орнатылды.

→ 4

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

АУДАНДА ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте қоғамдық-саяси ахуал және аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің атқарған жұмыстары қаралды.

Максат ЖУМАБАЕВ

Кеңесте бөлім басшысы Талғат Тойшыбаев бөлім тарапынан атқарылған жұмыстарға тоқталды. Талғат



Айтбайұлының айтуынша, бөлім 2 комиссия мен 2 кеңестің жұмысын үйлестіреді. Барлық отырыс жоспарға сәйкес өткізіліп, хаттамалық тапсырмалардың орындалуы тұрақты бақылауда.

Ауданда қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Тұрғындарды алаңдататын мәселелерге жүйелі мониторинг жүргізіліп, медиа кеңістіктегі және әлеуметтік желілердегі жарияланымдар тұрақты зерделенуде. Қажет болған жағдайда түсіндіру жұмыстарын жүргізетін спикерлер пулы қалыптастырылған. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі заң талаптарына сәйкес реттелген. Бүгінге дейін аудан аумағында митинг немесе шеру өткізуге өтініш түспеген.

Облыстық қауіп-қатерлер картасына аудандағы үш негізгі мәселе енгізілген. Олар – Қостөбе аумағындағы кәріз суларының жиналуы мен жер асты суларының көтерілуі, елді мекендердегі электр желілерінің тозуы және Аса ауылындағы өндірістен шығатын жағымсыз иіс мәселесі. Жыл басынан бері қоғамдық резонанс тудыруы ықтимал бір жағдай тіркеліп, тиісті шаралар қабылданды. Нәтижесінде еңбек ұжымындағы әлеуметтік тұрақтылық сақталып, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында нақты шешімдер қабылданды.

Жамбыл ауданында 51 мыңнан астам халық тұрады. Ауданда этносаралық келісім тұрақты сақталып келеді. Этностар тығыз орналасқан елді мекендерде қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, бейнебақылау камералары орнатылған. «Барбанг»

күрді этномәдени бірлестігі ауданның қоғамдық-мәдени өміріне белсенді қатысып, түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысуда. Жыл басынан бері этносаралық татулықты нығайту бағытында ондаған іс-шара өткізіліп, мыңнан астам тұрғын қамтылған. Сонымен қатар, ағымдағы жылы «Елтану» ағартушылық жобасы аясында кешенді жұмыстар жүргізу жоспарланған.

Аудан аумағында 26 мешіт халыққа қызмет көрсетуде. Олардың барлығы заң талаптарына сәйкес тіркелген. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру, интернет кеңістікте қарсы насихат және онлау бағыттарында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жыл басынан бері бірнеше кездесу ұйымдастырылып, мыңнан астам адам қамтылған. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарымен бірлескен рейдтік іс-шаралар барысында заң бұзушылықтардың алдын алу шаралары қабылданды.

Азаматтық қоғам институттарын дамыту бағытында да жұмыстар жалғасуда. Ауданда 27 құжаттық емес ұйым тіркелген. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 4 жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар отбасы құндылықтарын нығайту, ардагерлерді қолдау, діни тұрақтылықты қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағыттарын қамтиды.

Ақпараттық саясатты жүзеге асыруда аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті мен ақпараттық медиа орталығы жұмыс атқаруда. Газеті аптасына екі рет шығып, аудан тұрғындарын маңызды жаңалықтармен қамтамасыз етіп

келеді. Жыл басынан бері бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы екі мыңнан аса материал жарияланған.

Конституциялық реформаны түсіндіру мақсатында ауданда ауқымды ақпараттық жұмыстар жүргізілді. Жоспарға сәйкес 100-ден астам іс-шара өткізіліп, 4 мыңнан астам тұрғын қамтылды. Әлеуметтік желілерде 10 мыңнан астам материал жарияланып, бейнероликтер дайындалды. Сонымен қатар, көрнекі ақпарат құралдары кеңінен пайдаланылды.

Кеңесте Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына дайындық барысы да қаралды. Наурызанама тұжырымдамасына сәйкес 14-23 наурыз аралығында түрлі форматтағы іс-шаралар өткізу жоспарланған. Мереке аясында қайырымдылық акциялары, мәдени-көпшілік шаралар, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу және спорттық жарыстар ұйымдастырылады. Негізгі мерекелік іс-шара 21 наурыз күні Аса ауылында өтеді.

Жиында ақпараттық медиа орталығының директоры Мархабат Көпбосынова баяндама жасап, ақпараттық жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды. Мархабат Ерболқызының айтуынша, жыл басынан бері жүзден аса материал жарияланып, ауданның оң имиджін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Әлеуметтік желілерде кері байланыс орнату да жолға қойылып, тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарына жедел жауап берілуде.

– Жыл соңына дейін медиажоспар аясында мемлекеттік бағдарламаларды, жобаларды насихаттай отырып, аудандағы түрлі саладағы атқарылған жұмыстар бойынша жаңа контенттерді шығаруды және да алдағы уақытта жасанды интеллект платформалары арқылы видеоларды көбейтуді жоспарлап отырмыз, – деді орталық директоры.

Жиын қорытындысында аудан әкімі жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеп, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, ақпараттық жұмысты күшейту және халықпен кері байланысты одан әрі жетілдіру қажеттігін атап өтті.

ИМАНДЫЛЫҚ ИПІМДЕРІ

Әйел затына қашанда үлкен құрмет көрсетілген

Рамазан айы – адамзатты мейірім мен кешірімге үндейтін, жүректерге иман нұрын себетін, рухани тазару мен кемелденудің ұлы мектебі. Бұл – мұсылман баласы үшін сабырдың, шүкірдің, тағат-құлшылықтың, ізгілік пен жанашырлықтың айы. Осындай қасиетті мезгілде әйел адамның орны мен рөлі айрықша мәнге ие. Өйткені әйел – отбасының шырағы, шаңырақтың ұйытқысы, ұрпақ тәрбиесінің алтын арқауы.

Ислам өркениетінде әйел затына қашанда үлкен құрмет көрсетілген. Дініміз әйелді тек отбасының мүшесі ғана емес, береке мен тәрбие бастауы, мейірім мен ізгіліктің иесі ретінде бағалайды. Ал Рамазан айында бұл қадір тіпті тереңдей түседі. Себебі әйел адам бір жағынан өз құлшылығын орындап, оразасын ұстап, жүрегін дұғамен, тілін зікірмен, жан дүниесін Құранмен нұрландырса, екінші жағынан отбасының ауызбірлігі мен үй ішінің тыныс-тіршілігін де реттеп отырады. Осы арқылы оның сабыры, төзімі, ықыласы мен жанашырлығы жарқын көрініс табады.

Рамазан – әйел үшін де үлкен рухани мүмкіндік. Бұл айда ол күнделікті тіршіліктің арасынан уақыт тауып, өз жүрегіне үніледі, иманын күшейтеді, тәубесін жаңартады. Өмірдің сан алуан күйбең арасында жүріп, Аллаға жақындауға ұмтылған әйелдің әрбір ықыласты қадамы – сауапқа бастар ізгі жол. Себебі мұсылман әйелдің отбасы үшін атқарған қызметі де, егер ол Алла разылығы үшін жасалса, құлшылықтың бір бөлігіне айналады.

Әйел – тәрбие бесігінің иесі. Ана жүрегінен тараған мейірім, ана тәрбиесінен дарыған ізгілік – тұтас қоғамның болмысына әсер ететін үлкен күш. Рамазан айында ананың ауызашарға дайындығы, баласына айтқан өнегелі сөзі, отбасы мүшелерін

жақсылыққа жұмылдыруы, сабыр мен шүкірді үйретуі – мұның барлығы ұлт тәрбиесіне қосылған үнсіз, бірақ өте маңызды үлес. Себебі ізгі ұрпақ ең әуелі мейірім мен тәртіп орнаған шаңырақта қалыптасады.

Қасиетті ай әйелді сабырлыққа, қанағатшылыққа, ұқыптылыққа және кеңпейілділікке баулиды. Ораза – тек ішіп-жеуден тыйылу емес, ол – нәпсіні тәрбиелеу, ашуды жеңу, орынсыз сөзден, артық әрекеттен сақтану. Осы тұрғыдан алғанда әйел адамның отбасындағы байсалды болмысы, жұмсақ мінезі мен кешірімділігі Рамазанның шынайы рухымен үндесіп жатады. Берекелі шаңырақтың бастауында көбіне ананың сабыры мен парасаты тұратыны да сондықтан.

Дініміз әйелдің табиғи болмысы мен өмірлік жағдайы да назардан тыс қалдырмайды. Ислам – мейірім мен әділет діні. Сондықтан жүкті, емізді баласы бар немесе денсаулығына зиян келуі мүмкін әйелдерге шариғат жеңілдік қарастырған. Бұл – Исламның адам мүмкіндігін ескеретін, қиындықты емес, жеңілдікті қалайтын кемел дін екенін айқын аңғартады. Мұндай қамқорлық әйел мәртебесінің дінімізде қаншалықты жоғары екенін көрсетеді.

Рамазан айында әйелге түсетін тұрмыстық жүктің көбейіп кететіні жасырған емес. Дегенмен қасиетті айдың қадірі дастарханның молдығымен ғана

өлшенбейді. Рамазанның шынайы мәні – жүректің тазалығында, ықыластың беріктігінде, отбасындағы татулық пен рухани үндестікте. Сондықтан отбасы мүшелері әйелдің еңбегін бағалап, оған қолдау білдіріп, қасиетті айдың берекесін бірге сезінуге ұмтылғаны абзал. Бұл – отбасы мәдениетінің де, мұсылмандық әдептің де көрінісі.

Рамазан және әйел ұғымы – бір-бірімен терең сабақтас ұғымдар. Өйткені әйел бар жерде мейірім бар, тәрбие бар, береке бар. Ал Рамазан – сол мейірімді еселеп, сол тәрбиені тереңдетіп, сол берекені арттыратын ай. Әйел адамның осы айдағы ықыласы мен еңбегі, сабыры мен шүкірі, құлшылығы мен қамқорлығы – қоғамның рухани өзегін бекемдей түсетін асыл құндылықтар.

Рамазан айы – әйелдің тек отбасы шеңберіндегі рөлін ғана емес, оның рухани болмысын, тәрбиелік миссиясын, адамгершілік келбетін айқындайтын ерекше кезең. Әйел – шаңырақтың шуағы ғана емес, ұлттың ұяты, ұрпақтың тәрбиешісі, ізгіліктің үнісі жаршысы. Ендеше, қасиетті Рамазан айында мұсылман әйелдерінің еңбегі мен ықыласына құрметпен қарап, олардың отбасы мен қоғам өміріндегі орнын лайықты бағалау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Алла Тағала барша аналар мен арулардың ұстаған оразасын, еткен дұға-тілектерін, жасаған ізгі амалдарын қабыл етіп, шаңырақтарына амандық, жүректеріне иман, өмірлеріне береке нәсіп етсін.

Жайна БЕКНАЗАРОВА,
аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі
«Жастар ресурстық орталығының»
жастармен жұмыс жөніндегі теолог
маманы.

РЕФЕРЕНДУМ

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жаңа Конституцияның жобасы ашық жарияланып, 15 наурызға референдум тағайындалған болатын. Референдум халық үні естілетін сәт. Әрбір дауыс – елдің ертеңіне қосылған үлес. Сондықтан мұндай тарихи сәтте белсенділік таныту – әр азаматтың парызы.

ӘРБІР ДАУЫС – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІНЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС



Максат ЖУМАБАЕВ

Осы орайда Қаракемер ауылдық округінің тұрғындары Референдумға белсенділік танытып, дауыс берді. Ауылдық клубта орналасқан №172 сайлау учаскесі жұмысын таңғы жетіден бастап, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетті.

Ең бірінші болып дауыс берген 90 жастағы ауылдың қариясы Ахатай Балқыбеков көпшілікке үлгі-өнеге болды. Сонымен қатар алғашқылардың бірі болып дауыс берген аудандық мәслихаттың төрағасы, ауыл тұрғыны Мұхтар Шайдаевты сөзге тартқанымызда ол:

– Бүгін еліміздің болашағына тікелей ықпал ететін маңызды саяси оқиға – республикалық референдум аясында өз таңдауымды жасап, дауыс бердім. Таңғы сағат жетіден бастап учаскеге келіп, азаматтық парызымды орындау – мен үшін ғанибет.

Референдум – халықтың еркін білдіретін, мемлекет дамуының бағытын айқындайтын маңызды демократиялық бастама. Осындай сәтте әрбір саналы азамат ел тағдырына бейжай қарамай, дауыс беру арқылы өз үлесін қосуы тиіс деп есептеймін, – деді.

Еліміздің ертеңі – бәрімізге ортақ жауапкершілік. Сондықтан мемлекетіміздің дамуына үлес қосу үшін әрбір саналы азамат мұндай саяси науқанның қалыс қалмауы тиіс.

МЕРЕКЕГЕ ТАРТУ

ТӨРТ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Бүгінде баспана мәселесі кімді болсын алаңдататыны белгілі. Әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасылар, ерекше күтімді қажет ететін жандар үшін баспаналы болу аса маңызды. Бұл ретте, мемлекет еліміздегі көмекке мұқтаж азаматтарға қолдау көрсетеді. Тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың ішінде баспана алу мүмкіндігі осал топқа жататын жандарда жоғары. Өйткені мемлекеттік қолдау ең бірінші кезекте мұқтаж жандарға арналған.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Біздің ауданда да бұл өзекті мәселе күн тәртібінен түскен емес. Тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға баспана беру мақсатында тиісті жұмыстар мемлекеттік қолдау шаралары арқылы тиімді жүргізіліп, әлеуметтік осал топқа жататын жандардың бірқатары жыл басынан бері баспаналы болды. Игілікке түрткі болған «Отбасы банк» АҚ арқылы тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік

қолдау шарасы. Аудан бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған осал топ азаматтары осы арқылы тұрғын үй алды.

Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында Аса ауылындағы Жаңа құрылыс көшесінде бой көтерген тұрғын үйлердің бірнешеуі ерекше қажеттілігі бар азаматтарға берілді. Нақтырақ айтқанда, аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Несіпбеков мұндағы бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыға, сондай-ақ толық емес отбасы мүшелеріне 1 бөлмелі және 3 бөлмелі 4 жаңа үйдің кілттерін табыс етіп, қуанышымен құттықтап қайтты.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі – жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық адамның бірдей қол жеткізуі. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

БАСТЫ МАҚСАТ – ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда қамтамасыз етуге міндетті. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың ішкі бизнес-үдерістерін автоматтандыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара іс-қимылының ең тиімді нысаны ретінде электрондық мемлекеттік қызметтерді дамытуға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың автоматтандырылған түрінде артықшылықтары – олардың қолжетімділігі және бенефициарлардың қолайлылығында. Қызметтерді автоматтандырылған режимге ауыстырудың негізгі артықшылығы ретінде мыналарды атап өтуге болады: қызмет алу туралы ақпарат алуға қолжетімділік; мемлекеттік қызметтерді алу рәсімдерін жеңілдету, қызмет алуға байланысты уақытша шағындарды қысқарту; үйден немесе жұмыс компьютерінен мемлекеттік қызметтерге өтініш беру мүмкіндігі. Мемлекеттік қызметтер көрсетуді



жетілдіру, балама және электрондық қызметтердің үлесін арттыру мақсатында қызмет сапасын көтеру шаралары қабылданды.

Ауылдық округ әкімі аппаратының негізгі функцияларының бірі – мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыға қолайлы жағдай жасау.

Сәуле ҚАЛДЖИЕВА,
Гродиково ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы.

Соңы. Басы 1-бетте

Ұлыс мейрамының бастауы

«Digital Nauryz» жобасы аясында аудан мектептерінің қатысуымен «Амал келді – жыл келді» атты Көрісу күніне арналған аудандық мерекелік іс-шара ерекше сән-салтанатпен ұйымдастырылды. Айшабибі орта мектебі үлкендермен көрісу дәстүрін, бата беруді, Ә.Ысмайылулы атындағы

орта мектеп «Беташар» көрінісін сахналаса, М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебі өнерпаздары «Жарапазан» айтып, жұртшылыққа көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Led экраннан елге танымал тұлғалардың мерекелік құттықтауы көрсетілді. Қазақ күресі, асық ату, арқан тарту,

садақ ату, ләңгі тебуден жарыстар өткізілді.

Соңынан аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев бата беріп, жұртшылықты бірлік пен татулыққа үндеді. Көпшіліктен бірге арнайы мерекеге жайылған берекелі дастарханнан дәм татты.

Отбасылық құндылықтар дәріптелді

Отбасы – әр адамның өміріндегі басты құндылық, күш, қуат, жақсылық, үйлесімділік көзі. Қазақ халқы отбасының адам өміріндегі маңыздылығын, оның білім берудегі және болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі рөлін терең түсінген. «Жанұясыз адам – жеміссіз ағаш», «Баланың бас ұстазы – ата-анасы», «Отбасының сәні – сыйластық», «Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», «Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз» деген мақалдардың өзі соның айғағы.



Наурызанама онкүндігіндегі Шаңырақ күні жас ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін көрсете отырып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға үйретеді. Бұл күн отбасылық

құндылықтарды дәріптеуге арналған. Өйткені, шаңырақ – отбасының тұрақтылығы мен ұрпақтың жалғасуының нышаны.

Шаңырақ күні мерекесіне орай аудандық «Жастар ресурстық орталығының» «Неке сарайында»

40 жыл бірге отасқан үлгілі отбасы мен неке куәлігін алған жас жұбайлар кездесті. Басқосу барысында отбасылық құндылықтар дәріптеліп, дәстүрлі өмірлік тәжірибе кеңінен сөз болды. Үлкендер жағы жас отбасыға «Наурыз бата» беріп, ақ жол тіледі.

Жастар жақсылық жасады

Елімізде он күн тойланатын өз-Наурыздың бірі – Қайырымдылық күні. Қайырымдылық – бүкіл жақсылықтың бастауы, жанашырлықтың, татулықтың, береке-бірліктің нышаны. Адамзат баласын біріктіретін құдірет. Ұрпақтар сабақтастығы, аға буын мен жас буынның арасындағы дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру, қоғамның, адамдардың бір-біріне мейірімін арттырып, шапағат-шарапатын көрсету секілді ұлттық құндылықтарымыздың қайнар бастауында қайырымдылық жатыр.

Бұл күні Наурыз мерекесі мен Рамазан айын тамаша ұштастыра білген аудандық «Жастар ресурстық орталығының» қызметкерлері мен ерікті жастар жергілікті жұртшылыққа жақсылық жасады. Белсенді жастар ауызашар уақыты жақындағанда Аса ауылының орталық Абай көшесі бойында жүріп бара жатқан жандарға түрлі

тәттілер мен су таратып, камқорлық танытты. Көпке үлгі болар игілікті ісімен ораза ұстаған жандардың алғысын алды.

Қайырымдылық пен мейірімділікке үндейтін Рамазан айында және қайырымдылық күнінде жақсылық жасаған жамбылдық жастарға сауаптар еселеніп жазылатыны көңілге қуаныш ұялатады.



Ұстаздар «Ерке сылқым» күйін орындады



Ұлттың рухани құндылықтары, ата-бабадан жеткен мұра мен әдет-ғұрыптар – біздің өз үлкен байлығымыз. Наурызанама онкүндігінің үшінші күні – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Бұл күн мәдениетке, өнерге, руханият пен ұлттық салт-дәстүрлерге арналған. Оның басты мақсаты – ұрпақтар сабақтастығын нығайту, халықтың мәдениеті мен салт-дәстүрін қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлігі ретінде кеңінен насихаттау.

Халқымыздың бай мәдениеті мен ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлерін дәріптейтін айтулы күнге орай Мұқан Төлебаев атындағы балалар өнер мектебінің ұстаздары қазақтың күй өнерін насихаттау мақсатында чөлденж ұйымдастырды. Ұстаздар

Ә.Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйін орындап, ұлттық өнеріміздің әсемдігін көрерменге ұсынды. Осы бастама ұлттық мәдениетімізді дәріптеп, жас ұрпаққа рухани тәрбие беруге бағытталды.

Өңірімізде мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні Наурызанама онкүндігін

жалғастыра отырып, дәстүр мен жанашырлықты өнер, ағарту ісі және халықтың рухани мұрасына деген құрмет арқылы тоғыстыратын ерекше мазмұнға ие мерекелік күн ретінде аталып өтті.

Топтаманы дайындаған
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

КЕЗДЕСУ

Қазіргі қоғамда жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, олардың заң талаптарын құрметтеп, жауапкершілікпен әрекет етуіне бағыт беру – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Осы бағытта ауданда профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Соның бір дәлелі – аудандық білім бөлімі ұйымдастырған мобильдік топтың мектептердегі кездесулері.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Әсіресе, қоғамдық орындардағы тәртіп, түнгі уақытта көмелетке толмағандардың жұру ережелері, құқық бұзушылықтың салдары туралы ақпараттар оқушылар үшін аса пайдалы болды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында аудан мектептерінде 8-11-сынып оқушыларымен арнайы профилактикалық кездесулер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, №6 Ы.Алтынсарин, Айшабибі, №7, Т.Рысқұлов атындағы орта мектептерде мазмұнды кездесулер өтті.

Аталған басқосуға аудандық білім бөлімінің әдіскері Эльмира Түрменова, аудандық полиция бөлімі ҚҚБ ЮИПТ аға учаскелік полиция инспекторы Нұрлан Құлшымбаев және Айшабибі дәрігерлік амбулаториясының аға мейірбикесі Бикен Аманғалиқызы қатысып, оқушыларға маңызды ақпараттар берді. Сонымен қатар мектеп директорлары, директордың тәрбие және құқық ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері тәрбие жұмысының өзектілігін атап өтті.

Кездесулер барысында мамандар жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударды. Оқушыларға заң талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті құрметтеу, өз әрекеттері үшін жауапкершілік алу секілді маңызды құндылықтар жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік, буллинг пен кибербуллинг, интернет қауіпсіздігі, зиянды әдеттердің алдын алу мәселелері де кеңінен қозғалды.

Нұрлан Құлшымбаев жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері туралы нақты мысалдар келтіре отырып, заң талаптарын сақтаудың маңыздылығын түсіндірді.

Ал Бикен Аманғалиқызы жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, зиянды әдеттердің ағзаға тигізетін кері әсері, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызы жөнінде түсіндірсе, Эльмира Жалғасқызы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары мен құқықтық сауаттылықтың маңыздылығына тоқталды.

Кездесулер ашық диалог форматында өтіп, оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауаптар алды. Бұл өз кезегінде жасөспірімдердің құқықтық білімін арттырып қана қоймай, олардың саналы көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Мамандардың айтуынша, құқық бұзушылықтың алдын алуда ең бастысы – жазалау емес, түсіндіру және дұрыс бағыт-бағдар беру. Жасөспірімдерге заң талаптарын ерте жастан түсіндіру олардың болашақта саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Мобильдік топтың мектептердегі мұндай кездесулері оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға бағытталған маңызды шаралардың бірі болып табылады. Бұл жұмыстар жас ұрпақты занды құрметтеуге, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға және қоғамның белсенді мүшесі болуға тәрбиелеуде ерекше маңызға ие.

Өйткені құқықтық мәдениеті жоғары, занды құрметтейтін саналы ұрпақ – қоғамның тұрақты дамуы мен ел болашағының берік кепілі.



ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

ҚОҒАМ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕЙІК

Жемқорлық жеке бас пайдасы үшін мемлекеттік қызметті теріс пайдалану болып табылады. Ол пара алу немесе беру, мемлекеттік қаражатты жымқыру, қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалану, туыстық байланыстар арқылы заңсыз қолдау көрсету және жеке тұлғалар мен компаниялардың мүддесін заңсыз қорғау түрінде көрініс табуы мүмкін. Мұндай келенсіз құбылыс әлемнің көптеген мемлекеттерінде кездесіп, қоғам мен мемлекет дамуына елеулі зиян келтіреді.

Бұл теріс әрекеттің пайда болуына бірқатар себеп әсер етеді. Соның бірі – мемлекеттік институттардың әлсіздігі мен қызметкерлердің жұмысына бақылаудың жеткіліксіздігі. Ашықтықтың төмен болуы, тәуелсіз сот жүйесінің әлсіздігі және бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігінің шектеулі де заңсыз әрекеттердің орын алуына жол ашады.

Сонымен қатар экономикалық факторлар да маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысының төмендігі, халықтың тұрмыс деңгейінің нашарлығы мен әлеуметтік теңсіздік кейбір адамдарды пара алуға итермелеуі мүмкін. Егер

қоғамда мұндай әрекеттер мәселелерді шешудің «қалыпты» жолы ретінде қабылданса, ол уақыт өте келе қоғамдық санаға сіңіп кетуі ықтимал.

Осы келенсіздікпен күресуде кешенді шаралар қажет. Ең алдымен заңнаманы жетілдіру және оның орындалуын қатаң бақылау маңызды. Мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын арттыру, қоғамның белсенді қатысуын қамтамасыз ету және құқықтық мәдениетті қалыптастыру да үлкен рөл атқарады.

Бауыржан ТӨЛЕНДИЕВ,
аудан әкімдігі қаржы бөлімінің бас маманы.

ДІНІҢ ТҮРСЫН ДІН АМАН

РУХАНИ МҰРА

Мейірімділік мерекесі

20 наурызда күллі мұсылман қауым Ораза айт мейрамын тойлайды. Рамазан айында ораза тұтқан адамдар бұл күні айт намазы оқылғаннан кейін бір-бірінің үйіне айттап, ақ дастарханнан дәм татып, мерекелейді. Шарифатта қасиетті Рамазан айы аяқталғаннан кейін туатын шәууал айының бірінші күні – ораза айт мерекесі. Негізі ораза айтты мұсылмандар бір күн ғана атап өткен, алайда ел ішінде оны үш күн қатарынан тойлау дәстүрі ежелден қалыптасқан. Ораза айтта не істеу керек? Қандай амалдар атқарған абзал?

адамның құрметке, марапатқа ие болатын сәті. Алла Тағала: «Мен парыз еткен оразаны пенделерім өтеп, ақысын алуға (айт намазын өтеуге) мешітке бет алды. Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...» дейді.

Ораза айт мейрамында жүрекке мейірім, қуаныш сезімі ұялайды. Баршаныңға риясыз ниетпен Алланың амандығы мен берекесін тілеймін. Жаратқан жаңұяларыңызға жар болсын. Рабымыз баршамыздың қуанышымызды арттырып, екі дүниеде де мерейімді үстем етпей.

Айт күні мейрам болғандықтан, мұсылман баласы үйден шығар кезде үстіне жаңа немесе таза киім киіп, әтірленіп, ғұсыл құйынғаны жөн. Бір-бірімен арқа-жарқа болып қауышып, сыйлық үлестіріп, қайырымды іс атқару, мұқтаж жандарға көмектесу де айт мерекесінің сауабы мол бұзылмай келе жатқан дәстүрі. Әсіресе, балаларға сыйлықтар тарту еткен абзал. Үй-үйді аралап айттап, ақ дастарханнан дәм тату да жүйелі амалдардың бірі. Бұл күні ауыз бекітуге, сәресі ішуге болмайды. Қаза болған күндердің оразасы айттан кейін өтеледі.

Міне, ораза айт мейрамында мұсылман қауымы осындай амал-құлшылықтар істеп, бір жағынан Жаратқанға ғибадат жасаса, екінші жағынан өзара сыйластық пен жақсы қарым-қатынасты нығайтуға әрекет етеді. Ораза айттың ерекшелігі де осында жатыр. Алла Тағала ұстаған оразамызды, мұқтаж жандарға үлестірген зекетіміз бен пітір садақамызды, берген ауызашарымызды қабыл етіп, мол сауап жазғай.

Аудан аумағындағы мешіттерде Ораза айт намазы таңғы сағат 7.15-те оқылады.

Дәурен ҚҰТТЫБАЕВ,
аудандық «Бәйдібек»
мешітінің бас имамы.



Ораза айт
КАБЫЛ БОЛСЫН!

Ең алдымен, сауабы мол істің бірі – пітір садақасын беру. Негізі, ол Рамазан айының бірінші күнінен бастап айт намазына дейінгі аралықта берілуі қажет. Егер кімде-кім пітірді бермеген болса, айт намазы оқылғанға дейін үлгергені абзал. Одан кейін берілсе, ол тек жай садақа болып есептеледі. Намаз біткен соң мұсылмандар бір-бірімен төс қағысып, айт мерекесімен құттықтайды, жақсы тілектерін айтады. Сонымен қатар ислам ғұламалары бұл күні Аллаға сансыз мадақ айтып, айт намазын

оқудың артықшылықтары туралы айтады. Жаратқанға тәқбір айту дінде заңдастырылған амалдардың қатарынан саналса, айт намазын оқу – уәжіп. Абзал амалдардың тағы бірі – намазға шығар алдында құрма жеп шығу. Бұл – сүннет амал және отыз күн оразаның аяқталып, айт мерекесінің басталғанын білдіреді.

«Айт» сөзі – «мерекелеу», «хал сұрасу», «бір-бірін қуанту», «қуанышқа топталу» деген мағыналарда айтылады. Ораза айт – бір ай бойы ораза ұстап, ықыласпен жақсылық жасаған

Соңы. Басы 1-бетте

60 жылдан кейін ажары ашылған редакция

Аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің ғимараты күрделі жөндеуден өтті

Ғимараттың бірнеше жеріне бейнебақылау камералары, өрт дабылдамасы қойылды. Барлық қызметтік бөлмеге жаңа интернет желісі тартылды.

Қазіргі уақытта ғимараттың алдындағы 220 шаршы метр жерге брусчатка төселіп жатыр. Бұл туралы жұмысқа жауапты бригадир Үсен Сариев: «Барлығы 9 жұмысшы жұмыс істеп жатырмыз.



Әуелі брусчатка төсейтін жерді тазалап, денгейін анықтап алдық. Негізін салу үшін топырақты тығыздап, қиыршық тас төседік. Дайын негізге брусчатқаларды

тығыз орналастырып жатырмыз. Төсеніштің үстінен құм сеуіп, жіктерін бекітудеміз. Жұмысты кешке дейін аяқтаймыз», – деді ол бізбен әңгімесінде.

Сонымен қатар ғимараттың сыртқы қасбеті мен қабырғалары қапталып жатыр. Келесі кезекте жапсыру жұмыстары жасалады. Қоса алғанда, бір апталық жұмыс бар. Желтоқсан айында басталған күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Одан кейін редакция ауласын аббаттандыру және көгалдандыруға көңіл бөлінеді.

Бір сөзбен айтқанда, оң өзгерістерге бет бұрған басылым қызметкерлерінің ештеңеге алаңдамай жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасалуда.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ.

Тамыры тереңге тартқан тарих пен ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан рухани мұра – әрбір халықтың ең қымбат қазынасы. Өткеннің өнегесін бүгінмен жалғап, көненің көзін келешекке аманат ету – мәдениет пен тарихтың алтын көпірі.

Музей қорындағы жәдігерлер – өткеннің үнсіз куәгері



Аружан КҰНТУБАЙ

Аудандық тарихи-өлкетану музейі өлкенің тарихи дамуын, мәдени мұрасы мен ұлттық құндылықтарын кеңінен таныстыруға мүдделі. Тарихи-мәдени құндылығы бар жәдігерлерді жинақтау, сақтау, зерттеп-зерделеу, қалпына келтіру, сондай-ақ өлке тарихына байланысты түрлі экскурсиялар, танымдық сабақтар, көрмелер ұйымдастырып, жас ұрпаққа насихаттайды.

Музей – аймақтың тарихын, салт-дәстүрін, тұрмысын және рухани құндылықтарын танытатын маңызды мәдени орталық. Мұнда «Археология, этнография және мәдени мұра» залы мен «XX-XXI ғасырдағы өлке тарихы» залы жасакталған. Экспозицияда көне дәуірден бастап қазіргі кезеңге дейінгі археологиялық жәдігерлер, этнографиялық бұйымдар, тұрмыстық заттар, құжаттар мен фотосуреттер, колөнер туындылары қойылған. Әрбір жәдігер белгілі бір кезеңнің өмір салты мен құндылықтарын бейнелеп, келушілерді өткен мен бүгіннің сабақтастығымен таныстырады.

Музей қорындағы құнды жәдігерлердің бірі – қазақ халқының ұлттық киім үлгілері. Қазақтың ұлттық киімдері – халқымыздың өткені мен мәдениетін, өмір салты мен дүниетанымын танытатын асыл мұра. Киім – адамның күнделікті тұрмысына ғана емес, оның қоғамдағы орнын, тіпті мінез-құлқын да көрсететін маңызды белгі. Қазақтың киім үлгілері ғасырлар бойы дамып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып саналады.

Қазақтың киім мәдениеті өте ертеден, яғни көне түркі заманынан бастау алады. Археологиялық қазбалардан табылған көне киім қалдықтары мен суреттер – осының айқын дәлелі. Бұрынғы заманда адамдар киімді табиғи материалдардан – жүннен, теріден, аңның иленген терісінен, жібектен және кендір матадан жасаған. Мұндай киімдер тұрмысқа қолайлы болып қана қоймай, сән-салтанаттың, әсемдік пен талғамның да белгісі болған.

Қазақ әйелдері мен ерлері киім үлгісіне ерекше мән берген. Ұлттық киімдер негізінен екі топқа бөлінеді: ерлер киімі және әйелдер киімі. Ерлер киімдерінің қатарында шапан, бешпент, тон, ішік, бөрік, тымақ сияқты киім түрлері бар. Шапан – кең әрі ұзын сырт киім, оны барқыт,

шұға секілді маталардан тіккен. Ер азаматқа шапан жабу қазақ халқының дәстүрінде үлкен құрметтің белгісі саналған. Бешпент – көбіне шапанның ішінен киілетін жеңіл сырт киім. Ал тон мен ішік аң терісінен тігілген жылы киімдер болып табылады. Бөрік пен тымақ – ерлердің бас киімдері. Тымақ көбіне қыс мезгілінде киілсе, бөрік жеңіл әрі сәндік бас киім ретінде қолданылған. Әйелдердің ұлттық киімдері де ерекше сәнмен, нәзік өрнектерімен ерекшеленеді. Олардың қатарында көйлек, камзол, сәукеле және кимешек



бар. Көйлек – ұзын, кең жеңді, түрлі-түсті матадан тігілген киім. Камзол – қыз-келиндердің көйлек сыртынан киетін сәнді, жеңсіз киімі. Оған кесте тігіліп, алтын жіптермен өрнек салынған. Сәукеле – ұзатылған қыздың ең салтанатты бас киімі. Ол биік, әшекейлі болып, түрлі зергерлік бұйымдармен безендірілген. Ал кимешек – тұрмысқа шыққан әйелдердің бас киімі.

Қазақ халқының киім кию мәдениеті де өзіндік ерекшелігімен дараланған. Киімнің түсі мен үлгісіне қарап адамның жасын, әлеуметтік орнын және өмірлік кезеңін анықтауға болатын. Жастардың киімдері көбіне ашық түсті, сәнді әрі әшекейлі болып келсе, орта жастағы адамдардың киімі біршама қарапайымдау тігілген. Ал қарттардың киімі сабырлы, қою түстермен ерекшеленген.

Музей экспозициясында қазақтың ұлттық киімдері ер жігіт пен бойжеткеннің, қалыңдық пен күйеу жігіттің, сондай-ақ егде жастағы адамдардың киім үлгілері арқылы көрсетілген. Сонымен қатар қазақ киімдерінің ажырамас бөлігі саналатын қайыстан жасалған белдіктер мен күміс әшекей бұйымдарды да музей экспозициясынан көруге болады. Бұл жәдігерлер халқымыздың сәндік-қолданбалы өнерінің дамуын, шеберлердің талғамы мен шеберлігін айқын көрсетеді.

Ұлттық киім – тек өткеннің естелігі ғана емес, ол – бүгінгі күннің сәні әрі болашаққа аманат. Ұлттық құндылықтарымызды құрметтеп, дәстүрімізді дәріптей білсек, халқымыздың рухани мұрасы мәңгі жасай бермек.

ШҰҒЫЛА-RADUGA

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Аружан КҰНТУБАЙ 87002642761
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395
Құрбанәлі Шахабай 87788758489
Жұматай Көксубайұлы 87088419629
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер-теруші:
Бас редактордың
орынбасары:

2-20-24
Тілшілер: 2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰУ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3094 Тапсырыс №154

Нөмірдің кезекшісі: Аружан КҰНТУБАЙ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.